

Мырзаберген МАЛБАҚОВ
Аябек БАЙНИЯЗОВ

«ТҮРІК ТІЛЬ» ЖӘНЕ «ТҮРКІ ТІЛДЕРІ» ҰФЫМДАРЫ ТУРАЛЫ

В статье рассматривается историческая роль, специфические значения и понятия системы классификации названий «турецкий язык» и «туркские языки».

Makalede Türk lehçelerinin sınıflandırılması ve Türk Dilleri terimlerinin kavram açısından anlamı ve özelliği, tarihi gelişim sırasında yerini incelemektedir.

Түркия ғалымы профессор Хасан Ерен «Түрікше сөздік» еңбегінің 1988 жылы шығарылған сөзізінші басылымының алғысөзінде осы мәселе туралы көзінен сөз еткен еді. Ғалымның шікірі бойынша, түрік тілі «туркіменші», «татарша», «башқұрша» тәрізді жеке-жеке тармақтарға болынш отыр және оларға ғылыми оргада «леңче» (немесе «диалект») атауы беріліп жүр. Алайда, соңғы жылдары Еуропа мемлекеттерінде «түрік леңчелерінің» орына «туркі тілдері» атауы қолданылып отырғаны байқалады [1.IX]. В.В.Радлов айтқандай, дәл түрік тіліндегі дүниеде ең кең аумақты алыш отырған тіл жоқ. Сол себепті, мұндай тілде жекелеген дыбыстық, грамматикалық, лексикалық айырмаптылықтардың болуы табиғи құбылыс. Алайда аталған өзгешеліктердің аттары түркімен, татар, башқұрт, өзбек тәрізді түрік тілінің тармақтары арасында түсінісуге келмейтіндей жағдайға жетпегендігі белгілі. Демек, түркімен, татар, башқұрт, өзбек тәрізді түрік леңчелерін тіл дең санау қателік болады. Соңдықтан да түрік диалектологиясының негізін салупсы В.В.Радлов өзінің барлық еңбектерінде де түрік тілінің жоғарыда аталған тармақтарын «леңче» ретінде бағалаған. Мәселең, ғалым өзінің ескі және жаңа түрік леңчелерін қамтыған үлкен сөздігіне «Опыт словаря тюркских наречий» [2] атауын берген еді және оның неміспе аудармасы ретінде диалект терминің қолданыған болатын. В.В.Радловтан бұрын ескі және жаңа түрік леңчелерін қамтыған салыстырмалы сөздік түзген Лазар Будагов та өз еңбегін *сравнительный словарь турецко-татарских наречий* [3] дең атаған еді. Белгілі орыс түркітанушысы П.М.Мелиоранский де өзінің барлық еңбектерінде *наречие* атауын қолданатын-ды. Белгілі мажар түркітанушысы Ю.Немет (Jules Nemeth) те өз еңбектерінде аталмыш ұғымды *леңче* мәнінде қолданып келген еді. Алайда, кеңестік социалистік республикалар одағында В.В.Радлов қайтыс болғаннан кейінгі кезеңде «туркі тілдері» атауы орын ала бастады. Мысалы, 1926 жылы Баку қаласында еткен бірінші түркологиялық конгресте түрік леңчелері тілдер ретінде танылды. Кеңес үкіметінде қолданылған осы терминология кейін Еуропа мемлекеттерінде де кең тараала бастады» [1.IX]. В.Бартольд «туркі тілдеріне түркі атауын берген арабтар» деген қысын ұсынады. Оның жазуы бойынша, 7-8 ғасырларда түріктеги арабтармен соғысқан. Кейін түріктердің тіліне ұқсайтын тілдерге арабтар «турки» яғни *türkî* деген атауды қолданған. Профессор Хасан Ереннің айтуынша, қалай

болғанда да, ескі түркі жазбаларында нақты бір түркі тайпасының атауы ретінде қолданылған түрік атауы кейін бүкіл түркілерге қатысты қолданыла бастаған.

Белгілі түркітанушылар Ә.Қайдар мен М.Оразов та көне тарихтан бері қолданылған *түрк* сөзі қазіргі таңда жаңа мазмұнға ие болған *түрк*, *түрік*, *түркі* атауларының түп-төркіні екендігін жазады [4. 6-7].

Араб тіліндегі «леңче» сөзі өуел баста *жергілікті айтылым, сөйленім* деген мағынадан туындац, кейін бір үлкен тілдің тарихи, аймақтық, саяси себептерге байланысты дыбыстық, сөзжасамдық және сөз құрамы жағынан жергілікті айтылым, сөйленім ерекшеліктері мол жеке тармағы мағынасына, яғни диалект мағынасына дамыған. Бұл термин туралы профессор З.Коркмаз былай деп жазады: «леңче (нем., фр., ағ. *диалект*). Бір тілдің тарихи, саяси, мәдени, себептерге, өзгеше аймақтарда, түрлі уақыт кезеңдерінде дыбыс жүйесі, сөзжасам және сөз қазынасы жағынан пайда болған маңызды ерекшеліктерімен бір-бірінен айрылатын түрік тілінің Анаadolы, Азери, Өзбек, Қазақ, Қырғыз, Түркімен леңчелері тәрізді жеке тармағы. Жүйелік, құрылымдық жақтан леңчелерді бір-біріне жақын немесе алыс леңчелерге айыратынымыздай, оларды ерекшеліктердегі ортақтық тұрғысынан да топ-топқа ажыратса аламыз. Оның үстінен, якут және чуваш леңчелері түрік тілінен тым ерте бөлінген тармақтар болғандықтан, олар Түркия түркшесі мен өзге түрік леңчелерінен алшақтау. Тілдегі айырмашылықтар өте теренге кетеді. Азери мен түркімен леңчелері түркия түркшесінде жақын леңчелер. Түрікшенің солтүстік-батыс (қышшак), оңтүстік-батыс (оғыз-түркімен) және шығыс леңчелері тәрізді ұш тобы бар» [5. 107]. Түрік ғалымы Р.Арат өзінің 1953 жылғы «Түрік шивелерінің жіктелімі» атты еңбегінде түркі тілдеріне кіретін тілдердің барлығына шиве атын беріш, леңче (диалект) атауын тек чуваш пен якут тілдеріне қатысты ғана қолданған-ды» [6.59-139]. Профессор З.Коркмаз осман түркшесінде қолданылған *шиве* терминіне қатысты: «бір тілдің немесе леңченің ішіндегі жергілікті шағын аумақта бір-бірінен азды-көпті айырмашылығы болатын түркия түркшесінің *стамбул, айдын, кония, тасра, анадолы, румелі говорлары* тәрізді сөйлесім, айтылым түрлері» деген түсінік береді. Демек, түркі тілдеріне кіретін тілдердің барлығына шиве атын берудің қателігі айдан анық.

Профессор Хасан Ерен Еуропа мен Азиядағы алып аумакта қоныстанған жүз миллионнан астам халықты құрайтын тіл тобының жекелеген тошшаларға айрылуы табиғи екенін жаза отырып, «алайда, қазіргі түркі сөйленістерінің арасындағы көзге түсетін айырмашылықтар бұл тілдердің *бір ана тілден шыққандығы* туралы шындықты жоққа шығара алмайды. Эрине, түрік атауының ескі бір заманда шыққандығы анық. Алайда, ол атаудың Вильгельм Бартольдтың шікірі бойынша, алтыншығасырдан аргы кезенде қолданылғандығы туралы дерек жоқ. Алайда, бұл одан бұрын қолданылған жоқ дегендік емес» - дейді.

М.Малбақов, А.Байниязов. «Түрік тілі» және «түркі тілдері»...

Қазіргі түркі топтарының бірлескен бұл ортақ тілін түрік тіл білімінде *Ana Tүрікше* деп атайды. Бұл ана тіл қолданылатын аймақтар мен елдер түркілердің «ана жұрты» саналады. Түрік ғалымдары «ана жұрт», «ана түрікше» ұғымдарын жалпы алғанда, ескі, байырғы кезеңге, бағзы заманға қатысты қолданады. Эрине, ескі түркі жазбалары түрік тілінің кемелденген тіл екенін көрсетіп отыр. Демек, осы жағдайға келгеннеше, тіл ұзақ даму сатыларынан өткен. Кейбір ғылыми пайымдаулар бойынша, түрктер бұдан төрт мың жыл бұрын өздерінің ана жұрттарынан жайыла, тараала бастаған.

Дегенмен, ескі түркідегі *tur* (төл, осіш-өнү), *tursemek/torsemek* (көбеймек, тұқымы көбеймек) сөзқолданымдары, ескі шумер тіліндегі «тұқым, ұл, бала» мәніндегі *tur* сөзі бұдан да алыс уақытты мензейді. Шумер және түрік тілдерінің ежелгі байланыстары мәселесімен 1947 жылдан бері айналысып келе жатқан зерттеуші, Вашингтон, Пенсильвания университеттерінде жұмыс жасаған, шумер-түрік мәселесі бойынша талай халықаралық жиындарда, осы сала бойынша ең беделді ғалымдардан жинақталған ғылыми оргаларда баяндама жасаған танымал тілші-ғалым Осман Недим Тұна ескі шумер тіліндегі мәтіндердегі түрік тілінен енген кірме сездер құрамын (168 сез) анықтай отырыш, түрктердің біздің заманымыздан бұрынғы 3500 жыл көлемінде (ескі шумер жазбалары заманында), яғни қазіргі кезеңден 5500 жыл бұрынғы кезде қазіргі Түркияның шығысында тұргандығын, сол кездің өзінде түрік тілінде өзара ерекшеленетін екі тоштың (шығыс түркі, батыс түркі) болғандығын дәлелдеген еді [7.47]. Ғалымның әлем тілдерінің даму заңдылықтарын ескерे отырыш түзген глоттохронологиясы бойынша, ешқандай диалектіге болінбейтін «алғашқы түрікше» немесе «ана түрікше» тілдің жалпы жасы бұдан екі есе әріге кетеді. Яғни шамамен он бір мың жылды құрайды. Аталған жайттарды ескеріш қарайтын болсақ, түркі тілдер тобының қолданым уақытының біз билетін *көне түркі жазбалары* заманынан әлдекайда ұзаққа баратынын байқауға болады. Демек, тарих сахнасына тым ерте шыққан түркілер мен түркі тілдері ұзақ даму сатыларынан өткен. Даму атаулының сандық өзгерістермен қатар сапалық өзгерістерге де алып келетіні ақиқат.

Біріншіден, жоғарыда сез болған арғы тарихты айтпағанының өзінде, М.Қашқаридің «Диван Лұғат ат-Түрік» сездігі жазылған XI ғасырдағы «түрік» атанған тайпалар мен түрік тілі және XXI ғасырдағы түркі ұлттары мен түркі тілдері арасында өте үлкен айырма бар. XI ғасырдағы бәріне ортақ түрік атауымен аталатын тайпалардың тілдері арасындағы диалектологиялық айырмашылықтар мен XXI ғасырдағы түркі халықтарының тілдері арасындағы тілдік айырмашылықтардың дәреже-денгейін салыстыру мүмкін емес. Әуел баста ортақ бір тілдік негізден тарағанмен арада өткен мың жылдық уақыт ішінде түркі әлемінде көп өзгерістер болды. Бір кездегі шағын тайпалар тұтас ұлыстар мен ұлттарға айналды. Жеке-жеке өз мемлекеттерін құрып отыр. Мың жыл ішіндегі соғыс пен бейбітшілік алма-кезек ауысқан

тарихи дәуірлер мен кезеңдерде, алуан түрлі аумақтық, аймақтық, экономикалық, саяси себептерге байланысты көп өзгерістер болды. Тұтас қоғамдық формациялар ауысты.

Екіншіден, түркі тілдері алуан түрлі тілдік ортада өмір сүріп келді. Мәселен, түрік тіліне араб және парсы тілдерінің, сондай-ақ, славян тілдерінің, Жерорта теңізі бассейнінде грек және итальян тілдері тәрізді еуропалық тілдерінің айтарлықтай әсері болды. Орта ғасырларда өсіресе бірегей ислам мәдениетіне кіретін араб, парсы тілдерінің бір-біріне әсері мол болды. Көне мәдениеттің иесі болып табылатын ежелгі иран тілдерінің өздері ортақ ислам мәдениетінің аясында араб тілінің зор ықшалына түсіп, арабыланыш кетті. Түрк тілінің сөз қазынасында да араб тілінің әсері айқын байқалады. Орта Азиядағы өзбек ұлттың құрамында иран текстес халықтар өкілдерінің мол болуы, сондай-ақ, ерте орта ғасырдан бері ислам мәдениетінің негізгі ошақтары саналатын мекен болғандықтан, өзбек тіліне де араб және иран тілдерінің әсері зор болды. Қазақ тілінің XVIII ғасырдан бастап орыс тілінің ықшалына түсуі оның лексикасында орыс тілі элементтерінің, орыс тілі арқылы енген еуропалық тілдер элементтерінің молаюна әкелді. Бұл жағдай өсіресе бір мемлекет құрамында болған, әрі славяндық мәдениет басым болған Кеңес үкіметі кезеңінде шарықтау шегіне жетті. Татар, башқұрт тілдері де осы тәрізді ықшалдың әсеріне ұшырады. Түркі тілдері арасында шекаралас аймақтардағы ареалдық байланыстар болғанмен, ұзақ жылдар бойы мемлекеттік деңгейдегі тікелей, төтенше терең тілдік қатынастардың болмауы да түркіаралық тілдік интеграцияға кедергі келтірді. Осындай тілдік жағдаят түркі тілдері арасындағы айырмашылықтарды айтарлықтай қүштейтіш жіберді.

Үшіншіден, әлемдік тілдердің тарихи даму жолында қалыштасқан өзіндік жіктемелік жүйесі бар. Мәселен, орыс тілі - славян тілдері құрамына кіреді. Түркі тілі - түркі тілдерінің құрамында. Яғни славян тілдерімен деңгейлес құрылым – түркі тілдері. Орыс тілімен деңгейлес тіл – түркі тілі. Орыс тілінің бастаған откерген тарихи даму жолы түркі тілінің тарихындағы ұзаққа кетпесе де, жіктемелік жүйе бойынша олар бір қатарда болады. Демек, *түркі тілі мен түркі тілдері* - әр түрлі иерархиялық сатыдағы үғымдар.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Türkçe sözlük. 2 cilt. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları: 549. 1988.
2. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. 4 тома, 8 книг. СПб., 1888-1911.
3. Будагов Л. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. СПб., 1869-1871.
4. Қайдаров Ә. Оразов М. Түркітануға кіріспе. Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 360.
5. Korkmaz Z. Gramer terimleri sözlüğü. Ankara: TDK Yayınları: 575, 1992. – 212.
6. Arat R.R. Türk Şivelerinin Tasnifi. Türkiyat Mecmuası-X. İstanbul, 1953.
7. Tuna O.N. Sümer ve Türk Dillerinin Tarihi İlgisi ile Türk Dilinin Yaşı Meselesi. Ankara: TDK Yay., 1990.

REZUME

MALBAKOV M. (Almaty)

BAINIYAZOV A. (Turkistan)

ABOUT CONCEPTS «TURKISH LANGUAGE» AND «TURKIC LANGUAGES»

This article deals with the historical role, specific meaning and concept of the classification systems title «Turkish language» and «Turkic languages».